



Е-GOV.KZ жүйесі бойынша тіркелген алғашқы бұқаралық ақпарат құралы

# 45minut.kz

Республикалық басылым - Республиканское издание

2024-2025 оқу жылы | №01 (285) 2025

## ТУҒАН ӨЛКЕМ



### ЕСБОЛ АЯН

Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 2 «В» сынып оқушысы

### МЕН - ӨНЕРЛІ БАЛАМЫН!

Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 5 «Ә» сынып оқушысы  
**Қайыржан Мадияр Асыланұлы**


Жетекші: **Телеубаева**

**Айман Кушеновна**


Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мен – өнерлі баламын,  
Өлеңдерді оқимын.  
Өлеңдерді жазатын,  
Мен болашақ ақынмын.

Мен – өнерлі баламын,  
Суреттерді саламын.  
Әдемілеп салатын,  
Мен суретші баламын.



Мен – өнерлі баламын,  
Күресте де жылдаммын.  
Бұл спортты сүйемін,  
Мен – болашақ палуанмын!



## КЕШКІ КӨРІНІС

Кешкі көрініс – табиғаттың ең сұлулығы мен тыныштығын көрсететін сәттердің бірі.

Күн батқаннан кейін аспан қызғылт және көкшіл түстерге боялады.

Ауа салқындайды, ал жер бетінде тыныштық орнайды. Құстар ұяларына қайтып, қала көшелерінде жарықтар жанып, адамдар да өз үйлеріне оралады.



### **БЕКБОЛҚЫЗЫ АСЫЛАЙЫМ**

*Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 5 «а» сынып оқушысы*

*Жетекші: Телеубаева*

**Айман Кушеновна**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Бұл сәтте табиғаттың барлық тіршілігі тынышталып, адамдардың жүрегі бір сәтке демалатындай әсер алады. Кештің салқын самалы мен күннің соңғы сәулелерінен туындайтын тыныштық әрбір жанды бейқам тынығуға шақырады.

Кешкі көрініс – өмірдің қарапайым сұлулығын сезінуге, жан мен тәнді тынышталдыруға мүмкіндік беретін ерекше мезет.

### **МЕНИҢ АРМАНЫМ**

#### **НАҒИМ МАДИЯР**

*Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 5 «а» сынып оқушысы*

*Жетекші: Телеубаева*

**Айман Кушеновна**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Менің атым – Мадияр.

Мен 10 жастамын. Мен кішкентай болсам да арманым өте көп.

Мен болашақта футболшы болып, мені 9 ай 9 күн көтеріп, мәпелеп өсірген ата – анамды Меккеге апарамын деген арманым бар.

Қазір бізді ата-анамыз қалай мәпелеп өсірсе, ер жеткен соң біз де ата – анамызды бағып – қағуымыз керек.

Және де мен ата-анамның көп арманын орындағым келеді.

Ата-анамның көңілі көтеріңкі болса, менің де көңілім дәл солай көтеріңкі болады. Тағы бір арманым Қазақстаным аман, жұртымыз тыныш болса екен деймін. Адамда арман деген бітпейді ғой, әрине! Бірақ, осы армандарым орындалсыншы деген тағы бір арманым бар.

### **МЕН ӨСКЕНДЕ КІМ БОЛАМЫН?**



#### **САТЫБАЛДЫ ТАМЕРЛАН**

*Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 5 «ә» сынып оқушысы*

*Жетекші: Телеубаева*

**Айман Кушеновна**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Мен әдемі бір табиғат аясында гүлдің хош иісін иіскеп, демалып отырмын. Онда неше түрлі сайраған құстардың әдемі дауысын естіп, шабыттандым. Менің жанымда қазақтың ұлттық киіз үйі тұрды.

Мені сыбызғыдай ойнаған самал жел де шабыттандырып, қиялдана кеттім. Маған өскенде кім боламын деген ғажайып ой келді.

Мен сол қиялдың сұрағына көп ойландым және өзіме жауап беруге бел шештім. Себебі, әрбір адамда арман болуы тиіс.

Армансыз адам, қанатсыз құспен тең. Менің арманым сабағымды жақсы оқып, ағылшын тілі пәнінің ұстазы болып, шет елдерге барғым келеді.

Мен осы ойымды анама айттым.

Анам менің бұл шешіміме қатты қуанды.

---

### **БАЗАРБАЙ РАХМАН**

*Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің 7«в» сынып оқушысы*

*Жетекші: Телеубаева*

**Айман Кушеновна**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*



**Тақырыбы : «Көксирек»**

---

---

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті |

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: аптасына 1 рет Тарату аумағы:

Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы

қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін,

ғылыми, танымдық, жарнамалық

---

«Республикалық 45minut.kz» газетіне

жарияланған ақпараттардың авторлық құқы

ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты

емес. Жарияланған ақпарат авторларының

пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

---

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және

ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат

комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы

19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.

Газеттің қайта тіркеуден өткен күні:

08.08.2019 жыл Куәлік №

KZ48VPY00013618. Нұр-Сұлтан қаласы

---

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Газет «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында

басылды.

Алматы қаласы – 2025 жыл

Телефон: 8 777 055 0590